

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Боргуль Н.М., Рыспаева Д.С., Ахметова Г.С. Использование фольклорных текстов для развития языковых и переводческих компетенций на занятиях по художественному переводу // Сопоставительная лингвокультурология. Серия «Концептуальный и лингвальный миры», выпуск 22. – Санкт-Петербург, 2022. – С. 95-106.
- 2 Chouit, A. A Critical Evaluation of Venuti's Domestication and Foreignization Theory of Translation // Revue Traduction et Langues, 2019). – 18(1). – Pp.72-82.
- 3 Ajtony Zs. Taming the Stranger: Domestication vs Foreignization in Literary Translation // Acta Universitatis Sapientiae, Philologica, 2017. – 9 (2). – Pp.93-105.
- 4 <https://www.collinsdictionary.com/dictionary/english/value>
- 5 Грязнова Е.В., Афанасьев С.В. О соотношении понятий «ценности», «духовные ценности» и «культурные ценности». / Инновационная экономика: перспективы развития и совершенствования, 2019. – № 5 (39). – С.38-44.
- 6 Kennedy X.J., Gioia D., Bauerlein M. The Longman dictionary of literary terms. Pearson Longman, 2006.
- 7 Аутлева Ф.А. Фольклорные и литературные традиции в художественном творчестве и переводческой деятельности С.Я.Маршака. – Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата филологических наук. – Майкоп, 2005.
- 8 Горенинцева В.Н. Стратегии перевода кроссовер-литературы (на материале русскоязычных версий эпического фэнтези Р.Адамса «Обитатели холмов») / Текст. Книга. Книгоиздание [Текст] = Text. Book. Publishing : научно-практический журнал / Томский государственный университет. – Томск: Издательство Томского государственного университета, 2012-2018. – № 18. – 2018. – С.24-43.
- 9 Ryspayeva D.S., Borgul N.M., Akhmetova G.S. et al. Translation of folklore texts: a textbook. - Moscow; Berlin: Direct-Media, 2021. – 112 p.
- 10 De Leon, C. M., Guerra J.M.C. Spoiled for Choice? Uncertainty facing options in translation // Translation and Interpreting, 2022. – Vol.14. – No 2. – Pp.50-67.
- 11 Foran L. Untranslatability and the ethics of pause // Perspectives. Studies in Translation Theory and Practice, 2023. – Vol.31. – No 1. – Pp.44-58.

Материал поступил в редакцию журнала 05.04.2025

MFTAP 16.31.4

DOI: [10.59102/kufil/2025/iss2pp268-282](https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss2pp268-282)

С.А. Итегулова

Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Алматы, 050010, Қазақстан Республикасы

ФОЛЬКЛОРЛЫҚ СЮЖЕТТЕР МЕН КЕЙІПкерлерді КОМИКСТЕРГЕ БЕЙІМДЕУ

Мақалада комикстердің фольклорлық шығармаларды оқыту барысында алатын орны қарастырылып, комикстерді әдеби және фольклорлық туындылардың сюжеті негізінде әзірлеудің маңыздылығы мазмұндалған.

Зерттеудің мақсаты, негізгі бағыты мен идеясы – фольклорлық сюжеттер мен кейіпкерлерді комикстерге арқау етіп, балалардың ауыз әдебиетіне деген қызығушылығын қалыптастыру. Визуалданған қаһармандардың жас ұрпақ арасындағы танымалдылығын арттыру арқылы төлтума шығарманы оқуға деген ұмтылысты арттыру. Осы ретте икемделген комикстермен танысу балаларды әдебиет әлеміне ғана емес, шығармашылық әлемге де апаратын баспалдақ екендігі көрсетіледі. Комикстердің танымдық және

тәрбиелік тұрғыдан тигізетін әсеріне тоқталумен бірге, олардың педагогикалық және психологиялық мүмкіндіктерін баланың оқу дағдысын қалыптастырудағы тәсіл ретінде пайдалану жолдары да ұсынылған.

Мақала авторлары ғылыми-теориялық еңбектерді жүйелеу, салыстыру, талдау әдістерін қолдана келіп, комикстерді балалардың бойындағы тұлғалық қасиеттерді қалыптастырудың бір тетігі ретінде пайдалануды ұсынады. Тәжірибе жүзінде жүргізілген зерттеу нәтижелерімен нақты мысалдар арқылы бөліседі.

Зерттеу аясында жүргізілген сауалнамалар нәтижелерін талдау негізінде қазақ тіліндегі комикстердің танымалдық деңгейі анықталып, оларды тиімді қолдану жолдары көрсетіледі. Зерттеу нәтижелері бойынша комикстердің құрылымы мен мағынасына талдау жасалып, олардың оқырмандарға тигізер игі әсері айқындалады. Сондай-ақ батырлық жырлар негізінде әзірленген комикстердің балалардың сөздік қорын дамытудағы рөлі көрсетіледі. Комикстер балалардың есте сақтау қабілетін дамытып, қиялын ұштайтын, жаңа білімді жалықтырмай қабылдануға мүмкіндік беретін жанр деген қорытындыға келеді.

Кілт сөздер: кейіпкерлерді визуалдау, комикс, фольклор, бас қаһарман, оқу дағдысы, эстетикалық талғам.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Ата-бабамыздың «Заманына қарай адамы, адамына қарай амалы» деген қанатты сөзі бар. Қазіргі балалар қоршаған ортаны немесе ұсынылатын ақпаратты түрлі-түсті суреттер арқылы қабылдауға үйренген. Бала жан-жағын тани бастаған сәттен жарнамалар әлеміне тап болады. Көзін ашқаннан қоршаған түрлі жарнамалар олардың зейінін уақыты жағынан шектеулі, ал көлемі жағынан қысқа мәліметтер арқылы тиісті ақпаратты қабылдауға жаттықтырады.

Ақпаратты визуалдаудың заманауи процесі адамның, әсіресе балалардың оны қабылдау сипатын өзгертеді. Олар вербалды ақпаратқа қарағанда визуалды ақпаратты жақсырақ қабылдайды. Мәселен, белгілі бір затты құрастыру барысында ересек адамдардың өзі мәтінді оқығаннан гөрі суреттермен берілген нұсқаулыққа қарағанды ұнатады. Бұл ретте суреттер ақпаратты анық түсінуге септігін тигізеді.

Бүгінгі балалардың көлемді мәтіндерді оқығысы келмейтіні ащы шындық. Көркем шығарманы оқу арқылы эстетикалық талғамын кеңейтіп, уақытын пайдалы өткізетін оқушылар аз. Осы мәселені шешудің бір тетігі ретінде балаларға көркем әдебиетпен бірге түрлі комикстер ұсынылуда.

«Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігінде» комикстерді «логикалық тұрғыдан өзара байланысқан, бір ортақ оқиғаны баяндайтын суреттер жиынтығынан тұратын әдеби жанрдың бір түрі» [1:241] ретінде сипаттайды. Комикстерге берілген анықтамаларды түйіндей келе, «комикс – қандай да бір оқиғаны баяндайтын суреттер сериясы» деп қорытуымызға болады.

Қазақ тіліндегі комикстер басқа әдеби жанрларға қарағанда енді-енді дамып келе жатқанымен, әлемде комикстерді оқып өскен ұрпақтардың бірнеше легі қалыптасып үлгерді. Бүгінгі таңда шығармашылықтың бұл түрі тек балалар арасында ғана емес, үлкендер арасында да танымал. Комикстер балаларды әдебиет әлеміне жалықтырмай тартуды көздейді. Комиксте сөз өнері мен графика өнері тоғысады. Тілдік мәтін мен суретті ақпарат қатар жүріп, оқырманның зейінін келесі сюжетке қарай аударады. Оқу және көру дағдысы қатар қалыптасып, тіл байлығы мен қиялы бірге дамиды. Өйткені бұл жанрда жазылған кітаптың шамамен 80 пайызы иллюстрациялардан тұрады. Мәтін иллюстрациялармен біте қайнасып, сөйлемдер қысқа да нұсқа келеді. Ғылыми зерттеулерде мидың сол жартышары логикалық және аналитикалық ойлауға жауап беріп, тілдік қабілетті дамытатынын, ал оң жартышары сөз арқылы емес, символдар мен образдар арқылы бейнеленген ақпаратты қабылдап, қиялын, яғни шығармашылық пайымдауын дамытатынын айтады [2:244]. Демек комикстерді оқу барысында баланың оң және сол жартышарлары ақпаратты синхронды

түрде қабылдап және өңдеп отырады. Сөйтіп нейрондар арасындағы байланыстың пайда болуына ықпал етеді.

Әрине комикстер классикалық әдебиетті, халық ауыз әдебиетін ығыстырып шығара алмайды. Барлық жырларды, фольклорлық мұраларды комикс форматына ауыстыру мүмкін емес және де ол басы артық іс болар еді. Алайда осы мол мұрамен оқушыларды таныстыру үшін, фольклор әлеміне терең бойлату үшін фольклорлық кейіпкерлерді комикстер арқылы танымал ету, фольклорлық сюжеттер негізінде комикстер құрастыру, фольклорлық шығармаларды комикстерге бейімдеу арқылы түпнұсқа мәтінге деген қызығушылықты қалыптастыру мәселесін қолға алуға болады. Сондай-ақ комикстер оқушылардың визуалды ойлауын дамытуға жәрдемдеседі.

КІРІСПЕ

Комикстердің суреттер арқылы сипатталған оқиға екенін ескерсек, мұндай суретті оқиғалар тасқа қашалған таңбалардан бастау алады деген ойға жетелейді. Тура аталмағанмен, адамзат тарихындағы бізге жеткен құнды ескерткіштердің бірегейі – петроглифтерді комикстердің түпатасты ретінде қабылдау нышандары байқалады.

Бүгінгі комикстер түрлі түсті бояумен салынып, танымдық сипатта құрастырылады, оқиғалары шытырман, ал тілі жеңіл әрі тартымды болып келеді. Туындылар ақпаратты қарапайым да түсінікті етіп жеткізуді көздейді. Комикстер жай иллюстрациялар емес, оларда терең мағына, тұтас оқиға бар.

Комикстер иллюстрациялы кітаптан құрылымы жағынан ерекшеленеді. Мұнда суреттер нақты оқиғаны баяндаса, кейіпкерлердің сөздерді олардың характерін аша түседі. Мәтін мен суреттің өзара байланыстылығы сонша, бірінсіз бірін түсіну мүмкін емес. Сондай-ақ суреттердің реттілігі бұзылса, суреттердің бірін алып тастаса, ой тұтастығы жойылады.

Кей комикстерді оқып отырып, балалар арнайы тапсырмаларға кезігеді. Тапсырмаларды шеше отырып, оқиғаның қалай өрбитінімен танысады. Туғаннан қолына гаджет ұстап үйренген бала үшін суреттер мен ақпараттардың жылдам ауысып отыруы қалыпты дүние. Сюжеттер көші, олардың берілу қарқыны, әрекет түрінің алмасып отыруы, оқиғаның шешімін білуге ынтығу комикстер арқылы белгілі бір білім деңгейін қалыптастыруға жәрдемдеседі.

Жастар қазір ауыз әдебиеті туындыларын көп оқымайды. Тіпті, бір кездері ата-аналары жастанып жатып оқыған танымал шығармаларды да қолдарына сирек ұстайды. Ал комикстерге деген қызығушылықтары басым. «Ендеше осы комикстерді балалардың оқу дағдысын қалыптастыру үшін неге пайдаланбаймыз?!» деген орынды сұрақ туындайды. Өйткені сапалы комикс жасөспірімнің бойындағы оқуға деген құлшынысын қалыптастыратын құбылысқа, басқаша айтқанда триггерге айналуы әбден мүмкін.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі комикстерді фольклорлық мұраларды танымал етудің бір тетігі ретінде қолдануымен, комикстердің баланы тұлға ретінде қалыптастырудағы психологиялық-педагогикалық мүмкіндіктерін атап өтуге талпынуымен, сонымен қатар комикстерге бейімделген фольклорлық сюжеттердің баланың сөздік қорын қалыптастырудағы маңызын айқындауға ұмтылысымен анықталады. Комикс қаһарманы ретінде жыр кейіпкерлерін алып қана қоймай, олардың бет-бейнесінің фольклорлық мәтінмен сәйкес келуінің маңыздылығын ашады.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Комикстер бүгінде суретті-әдеби жанр аясынан шығып, танымдық-ақпараттық құрал деңгейіне көтеріліп отыр. Оларды әдістемелік құрал ретінде қолдану, тарихты оқытуда, шет тілін үйретуде пайдалану педагогикалық тәжірибеде бар. Десек те, «комикстер баланың терең ойлау мүмкіндіктерін тежейді» деген көзқарас та жоқ емес. Мәселен Н.В.Чернов пен Н.М. Макарованың зерттеулерінде «комикс – «клиптік ойлаудың жемісі» деп түйінделеді

[3:109]. «Қазіргі балалар мен жастар оны жеңіл меңгеретінін» көрсете келіп, «заманауи балалар журналының 80 % комикстерден тұратынын» айтады [3:109].

Қазіргі педагогикалық және психологиялық еңбектерде «клиптік ойлау» термині жиі кездеседі. «Клип» термині ағылшын тіліндегі «clip» сөзінен алынған. Қазақша мағынасы «қырку, кесу, қысқарту» дегенді білдіреді. Клиптік ойлау – әлемді қысқа, жарқын образдар арқылы қабылдау. Ойлаудың бұл типі туралы ең алғашқы пікірлер өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында жарық көре бастады. Канадалық философ М.Маклюэннің «Понимание медиа: Внешние расширение человека» еңбегінде клиптік ойлаудың қалыптасу жолдары туралы жан-жақты көрсетіледі. Ғалым технологиялардың адамға әсері туралы айта келіп, олар пікірлер мен ұғымдар деңгейінде жүрмейтінін, олардың сезімдік пропорцияларды немесе қабылдау үлгілерін біртіндеп, асқан дәйектілікпен және ешбір қарсылықсыз өзгертетінін атап өтеді [4:23].

Ғалым аталған еңбегінде комикстерге тұтастай бір тарауды арнайды. Визуалды ақпарат немесе бір-бірімен байланысты ақпарат аз берілетіндіктен комикстердің телевизиялық образдарды танудағы рөлі жоғары екенін айта келіп, «комикстер – телевизиялық образдарды танудың кілті» деп қорытады. Сондай-ақ «телевизияның қарыштап дамуы комикстерді ығыстырып шығарады» деген пікірін білдіреді [4:187].

Бұл терминді ғылыми айналымға енгізіп, өз тұжырымдарын білдірген келесі ғалым – американдық философ, әлеуметтанушы Э.Тоффлер болатын. Ғалым қоғамның дәстүрлі ойлаудан алшақтауының астарын бір ғана сәттік кадрлар мен мағынасы жоқ «клиптердің» көбеюінен іздеп, «клип-мәдениетте» өмір сүріп жатқанымызбен байланыстырады [5:119].

Ал зерттеуші А.А.Сорокин мен В.И.Краустың «Клиповое мышление» атты мақаласында клиптік сана туралы ғылыми көзқарастарды қорыта келіп, клиптік ойлаудың жетістіктері мен кемшіліктерін егжей-тегжейлі талдауға ұмтылыс жасалады. Клиптік ойлаудың алынған ақпаратты зерделеудегі жылдамдығы; сындарлы сәтте және күйзеліс жағдаяттарында тығырықтан шығатын жол табуға жәрдемдесетіні, ішкі түйсік арқылы дұрыс шешімді қабылдауға көмектесетіні оның тиімді жағы ретінде көрсетілсе, клиптік ойлауға бейімделу студенттің ойын шоғырландыруына кедергі келтіріп, жалпылау мен қорытындылау қабілетін азайтатынын, ойын жеткізудегі жүйелілікті жоятынын кемшілігі ретінде қарастырады [6:303-306].

Заманауи педагогтар комикстердің оқушыларға нақты бір тақырыптарды меңгертуде таптырмайтын құрал екенін дәлелдеп жүр. Бұл ретте тарих және қоғамтану сабақтарында медиабілім беру мәселесін қамтитын, белорус әріптестеріміздің мұғалімдерге арнап шығарған нұсқаулығын мысал ретінде келтіруге болады. Әсіресе, зерттеуші Т.Шумельдің комикстерді тарихты оқытудағы медиасауаттылықты қалыптастыру құралы ретінде қарастыруы және қол жеткен нәтижелерімен бөлісуі комикстерді тиімді қолдану арқылы оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттыруға болатындығын тағы бір мәрте дәлелдей түседі. Зерттеуші комикстерді сабақта қолданылуына қарай жіктей отырып, комикстер арқылы мифтерді, аңыздарды, қанатты сөздерді зерделеу мәселесіне зор мән береді [7:133-152].

Ал психология ғылымдарының докторы Л.Э.Семенова «Образовательные возможности комиксов и карикатур: аналитический обзор» атты мақаласында аталған жанрдың негізгі функциялары мен басымдылықтарына тоқталып, олардың цифрлық ұрпақ өкілдерімен жұмыс жасау барысындағы өзектілігін отандық және шет елдік тәжірибеге сүйене отырып айқындайды [8:78-85].

Н.Я.Симбирцева, Е.В.Корякина «Художественное своеобразие комикса: образовательный потенциал» атты мақаласында комикстердің құрылымдық-мазмұндық әлеуетіне тоқталып, олардың батысеуропалық білім беру тәжірибесінде бірнеше онжылдықтар бойы білім беру құралы ретінде қолданылып келе жатқанына баса назар аударады. Авторлар «педагог комиксті білім беру процесінде оқушыларды білім алуға ынталандыру, қабылдау дағдыларын дамыту, вербалды және бейвербалды ақпаратты қайта таныстыру, мультимодалды сауаттылығын көтеру мақсатында әлемді тану тәсілі және

пәнаралық байланысты қалыптастыру құралы ретінде тиімді қолдана алады» деп тұжырымдайды [9:35].

Білім берудің американдық жүйесіндегі комикстердің алатын орны, ағартушылық ортадағы көзқарастар туралы Дж.Янгтің еңбегінен комикстерді білім беру саласында қолдану жалпылай алғанда жағымды әсер тудыратынын байқадық [10].

Танымалдығы жағынан Батыс комикстерінен кем түспейтін жапондық мангалардың да бала тәрбиесіндегі орны ерекше. Манганы зерттеушілер оның жай ғана әдеби жанр емес, тұтас мәдениет екенін айтуда. Мангада мәтін мен бейнелеу өнері қабыса отырып, қызықты баяндалады. Оны жапон мәдениетіне апарар баспалдақ десек, қателеспейміз. Бүгінде жапондық комикстер әлемдік мәдениеттің бір бөлігіне айналды. Мангалардың бір ерекшелігі – адамның жас ерекшелігі мен жынысына қарай бейімделуі. Мәселен, «кодомо» балаларға арналса, «сәнэн» мен «сёдзэ» жасөспірімдерге арналады. «Сейнен» ер адамдардың, ал «дзэсэй» әйелдердің қызығушылығына сай құрастырылады. Бұл жанрлардың әрқайсысы стилдік бірегейлігін сақтайды.

Мангалардың қай ғасырда пайда болғаны туралы тартысты пікірлер көп. Алғашқы жапондық комикстерді «сонау ХІІ ғасырда пайда болған» деушілер де, «мангалар ХХ ғасырдың қыркыншы жылдарында батыс әскерилері апарған комикстердің ықпалымен дамыды» деушілер де бар [11].

Атауы ағылшынның «comic» (күлкілі) және «strip» (сурет) деген екі сөзінің бірігуі арқылы жасалып, мазмұны мәтін мен суреттер сериясынан тұратын шағын шығармалар қалың оқырманды әлі күнге тамсандырып келеді. Әлемдік тәжірибеде дидактикалық қана емес, идеологиялық құрал ретінде сәтті қолданылып келген бұл жанр бүгінгі қазақ қоғамына да жат емес. А.Ерболқызы дайындаған «Қазіргі қазақ комиксі» атты сұқбатта комикс жанры қазақ жұртына ертеден таныс екендігін айтады. Жүсіпбек Аймауытұлының ХІХ ғасырдың басында Қызылордада жарық көрген «Жаман тымақ» атты сықақ өлеңдер жинағының комикс форматында безендірілгенін мысал ретінде келтірген автор, бұл ұлттық әдебиеттің сан қырлығынан хабар береді деп түйіндейді [12].

Қазақ комикстері көбіне балаларға арналған журналдарда жарияланады. Балаларға арналған әдебиеттің заманауи жанрларының біріне жататын бұл туындыларды танымдық және тәрбиелік құрал ретінде пайдалану орын алған. Сондай-ақ халық ертегілері немесе жеке авторлардың ертегілерін комикс түрінде ұсыну тәжірибесі де кездеседі. Отандық комикстер саласында бірегей өнімдерімен танымал бола бастаған Khan Comics баспа үйінің өнімдерін айта аламыз.

Шетелдік авторлардың танымал комикстерін қазақ тіліне аудару мәселесімен Step&World Publishing баспа үйі айналысып жүр. Осы баспадан жарық көрген сәтті аудармалардың қатарында Казу Кибуишидің «Тұмар: Тас қарғысы» комиксін атауға болады. Қазақ оқырмандарын әлем әдебиетімен қазақ тілінде таныстырып, сапалы аударма жасауды мақсат еткен ұжымның жасөспірімдердің оқу мәдениетін қалыптастыруға қосып жүрген үлесі мол.

Фолиант баспасынан жарық көрген Майк Барфилдтің «Комикстегі әлем тарихы» атты кітабы оқырманын ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі қызықты тарихи оқиғалармен таныстырса, осы автордың «Комикстегі жаратылыстану» кітабы жан-жануарлар әлемінің қызықтары мен ғылыми бағыттағы жаңалықтар туралы мағлұмат береді.

Фольклорлық мұраларымызды, төл мәдениетімізді комикстер арқылы дәріштеп, әлем халықтары ұстанып жүрген тәсілдерді ұтымды пайдалануға жасалған қадамдардың қатарында «Мемлекеттік тілді дамыту қоры» ұйымдастырған Qazaq Comics веб-сайтын атап өтуге болады. Бұл веб-сайттағы комикстер ауыз әдебиетіндегі үш жанрды қамтиды. Керкұла атты Кендебай, Ер Тарғын, Ер Төстік, Алпамыс батыр, Қобыланды батыр, Қамбар батырларларға арналған комикстер батырлық жырлардың негізінде жасалса, «Кенесары-Наурызбай», «Жалаңтөс баһадүр», «Райымбек», «Махамбет» комикстері тарихи оқиғаларға негізделеді. Ал «Айша бибі», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Естай – Хорлан» комикстері халқымыздың ғашықтық жырларын насихаттайды.

НӘТИЖЕЛЕР

Комикстердің қазақы ортада қаншалықты танымалдығын білу, оқырманның қандай комикстерге қызығатынын анықтау, бүгінгі таңға дейін қазақ тілінде жарық көрген комикстердің ел арасындағы таралу деңгейін байқау, батырлық жыр сюжеттерін комикспен берудің жырды насихаттаудағы тиімділігін болжау мақсатында сауалнама жүргізген едік.

Сауалнамаға барлығы 92 адам қатысып, олардың жас ерекшеліктері 13-60 жас аралығын қамтыды. Респонденттердің әлеуметтік құрамы оқушы, студент, ата-ана және мұғалімдерден тұрды. Сауалнама жалпы 10 сұрақтан (анықтаушы сұрақтар, бағытталған сұрақтар) құралды.

Респонденттерге «Белгілі бір кітапты оқуыңыз үшін ішінде түрлі түсті суреттер болу маңызды ма?», «Сізге қандай кітап оқыған ұнайды?», «Ішінде ешбір иллюстрациялары жоқ кітапты оқисыз ба?», «Ұзақ мәтіндері бар, ішінде ешбір иллюстрациялары жоқ кітап сізге қалай әсер етеді?» деген сұрақтарды қою арқылы оқырманның кітапты таңдауына кітаптың рәсімделуінің қаншалықты әсер ететінін білгіміз келді.

«Белгілі бір кітапты оқуыңыз үшін ішінде түрлі түсті суреттер болу маңызды ма?» деген сұраққа қатысушылардың 63 %-ы «жоқ, маңызды емес» деп жауап берсе, 20,7 %-ы «мән бермегенін» айтады. Ал 12 % респондент мұның «маңыздылығын» атап өтеді. Қалған 4,3 %-ы «Бұл адамның жасына, оқудың мақсатына және жеке талғамына байланысты. Балалар үшін түрлі түсті кітап қызығырақ болады», «Суреттер болуы міндетті емес, бірақ кейбір жанрлар үшін визуалды элементтер қажет», «Бар болса, жақсы әрі қызық болады», «Егер беттер әдемі болса, оқуға жеңіл болады» деп түйіндейді.

«Сізге қандай кітап оқыған ұнайды?» деген сұраққа респонденттердің 79,3 %-ы «кітаптың жалпы мазмұнына қарайтынын» айтқанымен, 10,9 %-ы «суреттермен безендірілген кітаптар ұнайтынын» жасырмайды. Қалған 9,8 % өздеріне ұнайтын тақырыптарды жазған.

«Ішінде ешбір иллюстрациялары жоқ кітапты оқисыз ба?» деген сұраққа 82,6 % респондент «оқи беремін» деп жауап береді. Ал респонденттердің 8,7 пайызы «қиналып оқитынын» мойындайды. Қалған 8,7 пайыздың ішінде «оқымаймын» деп жауап бергендер де, «кітаптың мазмұны қызықты, оқиғасы шытырман болса ғана оқимын», «бірнеше қызық иллюстрациялары болса, оқимын» деушілер де болған.

«Ұзақ мәтіндері бар, ішінде ешбір иллюстрациялары жоқ кітап сізге қалай әсер етеді?» деген сұраққа қатысушылардың 45 %-ы «басында ұнамайды, кейін қызығып кетемін» деп жауап берсе, 18,5 %-ы «ондай кітаптың жалықтырып жіберетінін» айтады. Ал қалған 36,5 % респонденттің басым көпшілігі «амалсыздан оқып шығатынын» атап өтеді. Әрине соңғы пайыздық көрсеткіштің ішінде «ұнайды», «мағынасына байланысты», «қатты ұнамайды», «мазмұны жақсы болса, оқи беремін», «иллюстрация маңызды емес» деген жекелеген жауаптар да кездеседі.

Оқырмандарымыздың кітаптың мазмұны мен рәсімделуіне қатысты ойларын анықтағаннан кейін келесі сұрақтарымызда тікелей біз көтеріп отырған мәселеге көштік. Алдымен комикстерге деген респонденттердің көзқарасын білгіміз келді. Осы ретте «Сізге комикстерді оқыған ұнай ма?» деген сұрақ қойып, келесі жауапты алдық. Респонденттердің 42,4 %-ы «ұнайды» деп жауап берсе, 39,1 % респондентке комикстер «ұнамайды» екен. Ал қалған 18,5 %-ы «оқып көрмегенін» айтады.

Келесі «Комикстерді қаншалықты жиі оқисыз?» деген сұраққа респонденттердің 8,7 пайызы «арнайы сатып аламын немесе интернеттен іздеп оқимын» деген жауапты таңдаған екен. Ал 66,3 % респондент «қолыма түссе ғана оқимын» деп жауап береді. Ал 25 % респондент «оқымағандарын» айтады. Бесінші сұрақтағы жауаптарды саралай келе, біз «қолыма түссе ғана оқимын» дегендердің ішінде осы уақытқа дейін оқымағандар да бар деп есептейміз.

«Қандай комикстер ұнайды?» деген сұрақтың жауабына қарап, респонденттердің арасында жапондық манга мен комикс-ертегілердің танымалдығы жағынан тең түсетіндігін байқадық. Өйткені осы екі жанр 23,9 %-дан дауыс жинап отыр. 18,5 % респондент америкалық экшн комикстерге қызығушылық танытқан. 33,7 % респонденттердің жауаптарынан оқып көрмегендіктен де жауап бере алмайтындарын байқадық. Осы жерде сауалнама жауаптарының ішінде «оқып көру керек екен» деген пікірдің бар екендігін айта кеткіміз келеді.

Келесі сұрақтарды «Қазақ тіліндегі комикстер ұнай ма?» деп қоюымыздың да өзіндік себебі бар. Бұл арқылы жұртшылықтың қазақ тіліндегі комикстерге көзқарасын білгіміз келді. Бұл сұраққа 70,7 % респондент «оқып көрмедім» деп жауап береді. Ал респонденттердің 8,7 пайызы ұнамайтынын ашып айтты. 5,4 %-ы «көрсем оқыр едім», «баламен бірге оқуға болар еді» дегендей пікір айтып, оқымау себебін түсіндіргендей болды. Қалған 15,2 % респонденттің ұнайды деген жауабына қарап, қазақ тіліндегі комикстер жұртшылыққа мүлдем бейтаныс еместігін аңғардық.

«Комикстер туралы пікіріңіз қандай?» деген сұраққа респонденттер ойларын әртүрлі жеткізеді. 42,4 % респондент шығармашылыққа үйретеді деп оң баға бергенімен, 14,1 % респондент «еш пайдасы жоқ» деп түйіндейді. 23,9 %-ы «уақыт өткізу үшін керектігін» атап өтсе, қалған 19,6 %-ы «қызық, заманауи, миым демалады» деп пікір қалдырады. Оқып көрмегендіктен ешнәрсе айта алмайтындығын жазған респонденттер де бар.

Сауалнаманың соңғы сұрағы «Танымал батырлар жырының сюжетімен комикс шығарса, оқисыз ба?» деп қойылды. Бұл сұрақты қоюдағы мақсатымыз қазақы аудиторияның фольклорлық мұраларға деген сұраныс деңгейін байқау, ақпаратты қабылдауға деген даярлығын болжау болатын. Респонденттердің жартысынан астамы, яғни 54,3 %-ы «оқимын» деп жауап берді. 35,9 %-ы «білмеймін» деп жауап берсе, қалған 9,8 % респонденттің ішінде «негізі қызық болады деп ойлаймын», «пікірлерге қараушы едім» деп оң жауап бергендері де, «оқымаймын» деп үзілді-кесілді бас тартқандары да, «оқыдым, ұнамады» деп өз көзқарасын білдіргендері де бар.

Алынған нәтижелердің негізінде біз комикстердің оқырмандардың арасында танымал жанр екенін байқадық. Комикстердің танымал болу себебін былай түсіндіріп көрейік:

Біріншіден, балалар көлемді мәтінді оқудан жалығып кетеді. Ал комикстердегі мәтін көлемі жағынан шағын, мағынасы жағынан нақты болып келеді. Онда күрделі оралымдар жоқ. Қысқа да нұсқа сөйлемдерден тұрады.

Екіншіден, көптеген кітаптарда түрлі иллюстрациялар кездеспейді немесе аз кездеседі. Ал комикстерде оқырман қаһармандардың сөзі мен ісін бірге бақылап отырады. Кейіпкерлердің мінезін байқап, бейнесін визуалды көреді.

Үшіншіден, комикстер балалардың көру арқылы есте сақтау қабілетін дамытып қана қоймай, олардың қиялын ұштайды. Олар жаңа білімді жалықтырмай қабылдануға мүмкіндік береді.

Төртіншіден, балалардың сөздік қорын молайтады. Мәселен, Батырлар жыры негізінде әзірленген комикстерде «бадана көзді ақ сауыт», «жарқылдаған алмас қылыш», «алтындаған ақ найза», «толғамалы ақ сүңгі» деген теңеулер кездеседі. Балалар архаизмдермен танысып қана қоймай, оларды иллюстрация барысында көреді.

ТАЛҚЫЛАУ


Сурет пен мәтінді қабыстыра беру балалардың оқиға қалай өрбитінін түйсінуіне жәрдемдеседі. Балалар қаһармандардың іс-әрекеті мен оқиғаның өрбуі арасындағы байланысты ұғады. Бала табиғаты өзін қызықтырған нәрсені қайталауға құштар келетіні белгілі. Әдемі әрі шытырман суреттерге қарап отырып, өзі де сурет салуға ұмтылады, өзін ойландырған оқиғаны сипаттауға тырысады. Комикстерді салу технологиясының әртүрлі болуы баланың қарындашты немесе майлы бояуды қалауынша қолдануына мүмкіндік береді. Олардың қиялын дамытады.

Психологтар баланың ішкі әлеміндегі өзгерістерді байқау үшін сурет салдырту әдісін жиі пайдаланады. Осы орайда қашықтан оқыту жағдайында мектепке дейінгі жастағы ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың жоғары деңгейде білім алуына және қоғамда өзгелермен тең байланыс орнату арқылы ортаға бейімделуіне мүмкіндік беретін, балалардың сөйлеуінің қалыптасу деңгейін айқындауға бағытталған әдістемелік-диагностикалық кешеннің қатарында баланың суреттегі бейнені тани білуін (анықтай білуін, суретті атай алуын, сипаттай алуын) бақылаудың болғандығын айта кеткіміз келеді. Баланың суреттегі бейнені жеке-жеке атап, сипаттап беруі арқылы оның сөйлеу тілінің даму деңгейі айқындалған. Балаға жағдаяттық суреттер ұсынылып, сол суреттердің астына қайсы бейнеге қайсы іс-әрекет сәйкес келетінін анықтау тапсырылған. Сондай-ақ суреттегі іс-әрекеттік бейнелерді өткен шаққа ауыстырту арқылы баланың сөйлеу тілі анықталған [13].

Комикстер арқылы халық ауыз әдебиеті кейіпкерлерін насихаттау, жастар арасында танымалдығын арттыру әлемдік тәжірибеде кең қолданылатынын жоғарыда атап өткенбіз. Қазақ ауыз әдебиетінде жиі кездесетін бейненің бірі – Тазша бала. Ол ертегілерде де, тіпті батырлар жырында да кездеседі. Бұл бейне барлық шығарманың соңында барша мұратына жетеді. Тазша баланың сыртқы кейпі ғана жұпыны, ал ішкі дүниесі өте бай.

Қазақ глоттониялық дискурсын ұлттық концептуалдық әлем бейнесі туралы дереккөздердің бірі ретінде қарастыруға ұмтылған зерттеуші А.Таусоғарова, С.Бектемирова, Д.Тузельбаевалардың еңбегінде «Тағдыр» концептісі туралы айта келіп, оның халық санасында көрініс тапқан концептуалдық бейнелеріне тоқталады. «Тағдырдың» жанды құбылыс ретінде берілетінін атап өтеді [14]. Қазақ фольклорындағы Тазша балада Жазмышты өзгертушілік сипат бар. Ол басқа кейіпкерлердің тағдырын өзгертіп отырады. «Алпамыс батыр» жырында тазша Кейқуат Алпамыстың зынданнан шығуына себепші болса, ертегілерде көбіне ханның қызына үйленіп, әділ патшаға айналады.

«Қазақтың мифтік кейіпкерлері» жинағында бұл бас қаһарманның басының таздығы, үстіндегі жұпыны киімі, кір-қожалақ реңі трансформациялық тәсіл екендігі көрсетілген. Тазша бейнесінде миф қаһармандарында кездесетін құбылушылық қасиет бар. Ол – шын мәнінде текті, ақылды және тапқыр бейне» деген сипаттама беріледі [15].



1-сурет. Бақсы мен Тазша бала

Келтірілген пікірлерге сүйене отырып, біз комикстерде Тазша бала жоғарыдағы кейіпте берілгені дұрыс деген шешімге келдік. Комикстің сюжеті бойынша Күлмес ханның сұлу

қызын қапастан құтқару бақыты Тазшаға бұйырады. Бұл жерде де Тағдырды өзгертуші – Тазша өз ата-анасының, тұтас бір хандықтың өмірін өзгертеді, тұрмысын жақсартады.

Комикстер көлеміне қарай әртүрлі болып келеді. Көбіне газеттер мен журналдарда жарияланатын, көлемі бір беттен аспайтын шағын түрлерін стрип (comic strip) деп атаса, белгілі бір мерзімділікпен шығып, композициясы стрипке қарағанда күрделі болатын суретті әңгімелерді флоппи (comic floppy) деп атайды. Ал комикстердің келесі түрі – графикалық романдардың (graphic novel) мазмұны 64 беттен асады. Оларды басынан аяғына дейін нақты суретшілер ұжымы орындап, толыққанды оқиға баяндалады. Суперқаһармандар туралы қарапайым комикстерге қарағанда мазмұны анағұрлам салмақты болып келеді. Соңғы жылдары интернетте веб-комикстер (webcomics) пайда бола бастады [30].

Комикстердің осындай көптүрлілігін фольклорлық мұраларды насихаттау барысында шебер қолдануға болады.



2-сурет. Алшағыр мен Құртқа

Бұл суретті «Қобыланды батыр» жыры негізінде салынған комикске мысал ретінде келтіріп отырмыз. Суретте Алшағыр мен Құртқаның кездесуі бейнеленген. Комикстің оқырманы суреттерді қызықтап қана қоймайды, қаһармандардың не айтатынын да білгісі келеді. Комикстердегі мәтіндердің қысқа әрі нұсқа болуы жекелеген сөздердің есте сақталып қалуына жәрдемдеседі. Комикстерде көне сөздерді қолдану арқылы оларды жасөспірімдердің арасында тірілтуге болады. Жалпы батырлар жырының сюжеттерін комиксте қолдану арқылы, басқаша айтқанда баланы жыр кейіпкерлермен комиксте кездестіру арқылы көне мұралармен табыстыруға болады. Сүйікті қаһармандарымен бірге таңғажайып оқиғалар әлеміне ену баланың жырды оқысам деген қызығушылығын оятады. Өйткені комикстерде бала басты қаһарманға айналады. Комиксте бала алдын ала әзірленген сюжетті құрғақ оқып қана шықпайды, ол шытырманға толы тапсырмаларды шешеді. Қобыланды батырды лабақтан, ал Алпамыс батырды зынданнан шығару жолдарын іздейді, Жәдігермен бірге Ұлтан құлдан қашады, батырдың бес қаруының атауын дәл тауып, Жиделі Байсынға жетеді. Бала жырда кездесетін салт-дәстүр көріністерін есте сақтайды. Ең бастысы еліне, жеріне деген махаббаты қалыптасады.

Жырды оқу барысында кітап оқу машығы қалыптаспаған бала енжар күйден арыла алмауы мүмкін. Жырдағы ұзын-сонар баяндаулар, қиын оралымдар мен көнерген сөздер бұрын әдеби шығармамен сусындамаған баланы тез жалықтыруы мүмкін. Ал комикстерді оқу барысында баланың қиялы енжар күйде қала алмайды. Өйткені бір суреттен бір сурет, бір оқиғадан бір оқиға туындап, баланы көргенін жинақтап, қорытуға, топтастыруға,

қорытындылар шығаруға мәжбүрлейді. Бір сурет пен екінші суретті байланыстыру үшін бала қиялын қосады. Суреттердің қозғалысы, кейіпкердің бет-пішініндегі өзгерістер, әрбір деталь оқырманның миына шабуыл жасап, ойланбасына қоймайды. Баланың бар зейіні кітапқа ауып, ұшқыр ойы кейіпкермен біте қайнасып кетеді.

Комикстер оқуға ынталандырады, олар оқушының назарын сөйлемге аудартып, қаһармандардың сөздерін оқуға мәжбүрлейді. Көлемді мәтінді оқуға жалығатын бала комикстердегі суреттерге қарап отырып, қаһарманның сөзін де қызыға оқып отырғанын өзі де байқамай қалады. Көлемі шағын комикстерді оқып шыққан баланың өзіне деген сенімі қалыптасып, басқа да шығармаларды оқысам деген қызығушылығы артады.

Зерттеу барысында кей оқушылардың ұзақ мәтіндері бар, ішінде ешбір иллюстрациялары жоқ кітапты қолына алуға жүрексінетінін байқадық. Түрлі түсті суреттер балаға визуалды қолдау көрсетіп, бейтаныс материалды зерделеу барысында пайда болатын кедергі мен қысымды азайтуға көмектеседі.

Сөз байлығы аз, оқу машығы айтарлықтай қалыптаспаған жасөспірімнің бүгінгі ұсынылып отырған форматтағы жырды оқуға құлшына қоймауының бірнеше себебі бар. Біріншіден, батырлар жырында көнерген сөздер көп. Екіншіден жырдағы көркемдік оралымдар мәтіндік ақпаратты қорытуға дағдыланбаған жасөспірімдердің қабылдауына ауыр. Үшіншіден, батырлар жырындағы бас қаһармандар визуалданбаған. Сюжеттік желісі шым-шытырық, кейіпкерлері күрделі, тәрбиелік жүгі ауқымды шығарманы қабылдау үшін баланың сол дәуір, ондағы құндылықтар туралы танымы болу керек. Батырлар жырын ой елегінен өткізіп, ондағы қаһармандардың күйініш-сүйінішін сезіну үшін балаға лингвистикалық және психо-эмоционалдық дайындық қажет. Өткен ғасырдың баласы мен қазіргі балалардың таным-түсінігін, қоршаған әлемді қабылдауын, дүниетанымын салыстыруға болмайды. Олай болса, көне жәдігерлерді де бүгінгі жастарға бірден сол күйінде ұсынбауымыз керек. Бұл жерде, көне мұраларды өз мәнінде ұғыну үшін оқушыларды алдын ала дайындау керек деген мәселені көтергіміз келеді. Басқаша айтқанша, батырлар жырының сюжетін комикстерге арқау етіп, визуалды қолдау көрсету бейтаныс материалды меңгеру барысында туындайтын қобалжу сезімін сейілтеді. Батырдың визуалданған бейнесіне қарап шокпар мен сүңгінің, қорамсақ пен жебенің не екенін таниды. Бурыл ат пен қара қасқа аттың айырмашылығын байқайды. Зындан мен лабақтың қандай болғанын көреді.

Комикстерді берудегі мақсатымыз – оқушының көңілін аулай отырып, кітап әлеміне тарту, еліктіре отырып, қабылдау көкжиегін кеңейту, танысам деген талпынысын жандандыру. Баланы батырлар жырындағы бір оқиға селт еткізсе, ол оны тереңірек қаза түседі, қажетті ақпаратты басқа да қайнар көздерден іздестіріп, сұрақ қоя бастайды. Мәселен, батырдың үстіндегі қару-жарағы қызықтырып, қазақ қару жарағы туралы мол мәлімет іздейді. Жырдың өзін оқып шығады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Комикстер біздің қалыпты өмірімізге жарнамалық үндеухаттар, плакаттар түрінде, сондай-ақ балалар мен жасөспірімдерге арналған журналдар, кітапшалар сипатында еніп, ел тұрғындарының өмірінен өзіндік орнын алып үлгерді. Комиксті ұнататын оқырмандар үшін таңдау көп. Олар жастар мен ересектердің, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндер мен кіші мектеп жасындағы балдырғандардың, жеткіншектер мен жасөспірімдердің қызығушылықтары мен жас ерекшеліктерін ескере отырып әзірленеді. Комикстердегі оқиғалар әртүрлі. Бүгінгі оқырман комикс арқылы өрілген ертегілер мен аңыздарды да, фантастика мен шым-шытырық қызықты оқиғаларды да, мелодрама мен атыс-шабыс жанрындағы сюжеттерді де, детективтер мен триллерді де таңдай алады. Батыстық, жапондық авторлардың шығармаларымен қатар отандық авторлардың өнімдері де қолжетімді. Осынау мол дүниені саралай келе, фольклорлық мұраларды комикстер арқылы танымал етуге бағытталған жобалардың аздығын байқадық.

Отандық білім беру саласында бұл жанрдың тұлғаны қалыптастырудағы орны жете зерттелмеген. Ата-аналар мен ұстаздардың көзқарасында эмоционалды сипат басым. Қолданыстағы отандық комикстердің ішінде суреттері сапасыз, оқиғалары тартымсыз өнімдердің жиі кездесуі, сыртқы форма мен ішкі мазмұн арасындағы сәйкестіктің болмауы бұл жанрдың қалыптасу үстінде екенін аңғартады.

Тақырыпты зерделеу барысында шет елдердегі танымалдығына қарамастан елімізде бұл жанрдың жетістігі мен кемшілігін саралау, дидактикалық әлеуетін бағамдау кемшін қалғанын көрдік. Нарықтағы өнімдердің сапасының төмендігі, сюжетінің тартымсыздығы, қаһармандарының визуалды бейнесінде кейіпкер мінезінің байқалмауы бұл жанрдың ұлттық әдебиетпен үндесіп кетуіне кедергі болып отыр деген пікірге келдік.

Батыстық және жапондық комикстердің адамдарды ел фольклорымен, әдет-ғұрпымен таныстыру тетігі ретінде қолданылатынын ескере келе, қазақстандық патриотизмді қалыптастыруда комикстердің осы – елтанымдық қырын пайдалануға болатынына көз жеткіздік.

Жарнамалық сипаттағы анықтамалық материалдарда ақпараттың комикстер түрінде берілуі олардың адам санасына тез әрі оңтайлы әсер етуімен тығыз байланысты. Міне, комикстердің осы қасиетін пайдалану арқылы кітап оқу дағдысы жеткілікті қалыптаспаған немесе кітап оқығанды жақсы көрмейтін балаларды ауыз әдебиеті туындыларымен таныстыруға болады.

Комикстерді фольклорлық мұраны танымал етуші, оларды насихаттаушы, балалардың елсүйгіштік қасиетін қалыптастырушы құрал ретінде пайдалану үшін үш бағытта жұмыстану қажеттігі анықталды. Ең алдымен фольклорлық кейіпкерледі визуалдап, унификациялау қажет. Екіншіден, осы кейіпкерлер бар фольклорлық сюжеттердің негізінде жаңа сценарийлер әзірленуі тиіс. Үшіншіден, дарынды суретшілер тартылуы қажет. Комикстерді өнім ретінде шығару субмәдениет деңгейінен көтеріліп, халықтық шығармашылықтың жаңа формасы ретінде дамығаны жөн.

ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен АР19678024 «Фольклор кейіпкерлерін жеке тұлғаны қалыптастырудағы маңызды құрал ретінде пайдалану жолдары» атты гранттық жобасы аясында жазылды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі / Құраст.: Ш.Құрманбайұлы, С.Исақова, Б.Мизамхан және т.б. – А., 2019. – 596 б.
- 2 Супрун Л.И., Супрун Е.Г., Устюгова Л.А. Конструктивті тапсырмаларды орындату арқылы мидың сол жартышарын дамыту // Заманауи ғылымды қажетсінетін технологиялар. – 2018. – №6. – Б. 244-249. ISSN: 1812-7320.
- 3 Чернова Н.В., Макарова Н.Н. Оқытудың көрнекілік әдістері мен тарих сабақтарындағы жобалық әдістемелер // Ғылым және білім перспективалары. – 2018. – № 6 (36). – Б. 105-113. doi: 10.32744/pse.2018.6.11
- 4 McLuhan, Marshall. Understanding media; the extensions of man. (New York, 1987).
- 5 Toffler, Alvin. The third wave. (New York, 1980).
- 6 Сорокин А.А., Краус В.И. Клиптік ойлау // Заманауи ғылымның теориясы мен практикасы. – 2018. – №11(41). – Б. 303-306.
- 7 Шумель Т. Комікс як сродак медьяадукацыі / Медьяадукацыя на ўроках гісторыі і грамадазнаўства: дапаможнік для настаўнікаў / А.Палейка, С.Кудраўцава, Г.Давідоўская, Н.Кушнер [і інш.]; пад рэд. Н.В. Кушнер. – М., 2020. – 252 с.
- 8 Семенова Л.Э. Комикстер мен карикатуралардың білім беру мүмкіндіктері: аналитикалық шолу // Нижегородтық білім. – 2021. – №3. – Б. 78-87. ISSN: 2073-1086.

- 9 Симбирцева Н.А., Корякина Е.В. Комикстердің көркемдік ерекшеліктері: білім беру әлеуеті // Ресейдегі педагогикалық білім. – 2021. – №6. – Б. 35-41. ISSN: 2079-8717.
- 10 Yang, G. History of Comics in education / G. Yang. – URL: <https://www.humblecomics.com/comicsedu>.
- 11 Sharon Kinsella. Adult Manga: Culture and Power in Contemporary Japanese Society. University of Hawai'i Press, 2000. – P. 228.
- 12 Ерболқызы А. Қазіргі қазақ комиксі // Алаш республикалық қоғамдық-саяси газеті. 02 қыркүйек 2024. // <https://zhasalash.kz/news/syuzhet-alsz-suret-arsz-kazak-komiks-8c7cf2>.
- 13 Есенғұлова М., Ертлеуова Б., Аманжол М. Мектепке дейінгі жастағы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қашықтан оқыту технологиясын қолдану // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы «Педагогикалық ғылымдар» сериясы, – № 2 (79), – А.: 2024. – Б. 115-131.
- 14 Ayauzhan Taussogarova, Diana Tuzelbayeva, Saule Bektemirova, Vera Yermakova, Zhaina Satkenova, Abdibek Amirov. Kazakh Gluttonous Discourse analysis of “Bas Tartu” & “Tabak Tartu”: Conceptual Image and Institutional Function // Eurasian Journal of Applied Linguistics, 10(1) (2024) P. 127-138 // <http://dx.doi.org/10.32601/ejal.10112>.
- 15 Қазақтың мифтік кейіпкерлері. / Құраст. С.Итегулова. А., 2016. – 276 б.

Материал 02.04.2025 баспаға түсті

Адаптации фольклорных сюжетов и персонажей в комиксах

С.А. Итегулова

Казахский национальный аграрный исследовательский университет, Алматы, 050010, Республика Казахстан;

В статье рассматривается роль комиксов в обучении фольклорных произведений, подчёркивается значимость их создания на основе сюжетов литературных и устно-народных текстов.

Цель и основная идея исследования – использование фольклорных сюжетов и персонажей в комиксах с целью формирования у детей интереса к устному народному творчеству. Повышение популярности визуализированных героев среди молодого поколения способствует росту мотивации к чтению оригинальных произведений.

Показано, что знакомство с адаптированными комиксами становится не только ступенью в мир литературы, но и проводником в сферу художественного и креативного восприятия.

Помимо анализа познавательного и воспитательного потенциала комиксов, в статье предлагаются педагогические и психологические подходы к их использованию как инструмента развития читательских навыков у детей.

Авторы, опираясь на методы систематизации, сравнительного анализа и обобщения научно-теоретических источников, рассматривают комиксы как эффективный механизм формирования личностных качеств у ребёнка. Приведены результаты практического исследования с конкретными примерами.

На основе анкетирования выявлен уровень популярности комиксов на казахском языке и предложены пути их эффективного применения в образовательной практике.

В результате проанализированы структура и содержание комиксов, выявлено их положительное влияние на читателя. Отдельно подчёркивается роль комиксов, созданных на основе героических эпосов, в расширении словарного запаса детей. Делается вывод о том, что комиксы – это жанр, способствующий развитию памяти, воображения и усвоению новых знаний в лёгкой и доступной форме.

Ключевые слова: визуализация персонажей, комикс, фольклор, главный герой, навык чтения, эстетический вкус.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Словарь заимствованных слов казахского языка / Сост.: Ш.Курманбайулы, С.Исакова, Б.Мизамхан и др. – А., 2019. – 596 с.
- 2 Супрун Л.И., Супрун Е.Г., Устюгова Л.А. Развитие левого полушария мозга через решение конструктивных задач // Современные наукоемкие технологии. – 2018. – №6. – С. 244-249. ISSN: 1812-7320.
- 3 Чернова Н.В., Макарова Н.Н. Наглядные методы обучения и проектные методики на уроках истории // Перспективы науки и образования. – 2018. – №6 (36). – С. 105-113. doi: 10.32744/pse.2018.6.11.
- 4 McLuhan, Marshall. Understanding media; the extensions of man. (New York, 1987).
- 5 Toffler, Alvin. The third wave. (New York, 1980).
- 6 Сорокин А.А., Краус В.И. Клиповое мышление // Теория и практика современной науки. – 2018. – №11(41). – С. 303-306.
- 7 Шумель Т. Комикс как средство медиаобразования // Медиаобразование на уроках истории и обществознания: пособие для учителей / под ред. Н.В. Кушнер. – М., 2020. – 252 с.
- 8 Семенова Л.Э. Образовательные возможности комиксов и карикатур: аналитический обзор // Нижегородское образование. – 2021. – №3. – С. 78-87. ISSN: 2073-1086.
- 9 Симбирцева Н.А., Корякина Е.В. Художественное своеобразие комикса: образовательный потенциал // Педагогическое образование в России. – 2021. – №6. – С. 35-41. ISSN: 2079-8717.
- 10 Yang, G. History of Comics in Education / G. Yang. – URL: <https://www.humblecomics.com/comicsedu>.
- 11 Sharon Kinsella. Adult Manga: Culture and Power in Contemporary Japanese Society. University of Hawai'i Press, 2000. – P. 228.
- 12 Ерболкызы А. Современные казахские комиксы // Алаш, 02 сентября 2024. // <https://zhasalash.kz/news/syuzhet-alsz-suret-arsz-kazak-komiks-8c7cf2>.
- 13 Есенгулова М., Ертлеуова Б., Аманжол М. Использование технологий дистанционного обучения для детей дошкольного возраста с особыми образовательными потребностями // Вестник КазНУ им. Аль-Фараби. Серия «Педагогические науки», – № 2 (79), – Алматы, 2024. – С. 115-131.
- 14 Ayauzhan Taussogarova, Diana Tuzelbayeva, Saule Bektemirova, Vera Yermakova, Zhaina Satkenova, Abdibek Amirov. Kazakh Gluttonous Discourse analysis of “Bas Tartu” & “Tabak Tartu”: Conceptual Image and Institutional Function // Eurasian Journal of Applied Linguistics, 10(1) (2024) P. 127-138 // <http://dx.doi.org/10.32601/ejal.10112>.
- 15 Казахские мифологические персонажи / Сост. С.Итегулова. А., 2016. – 276 с.

Материал поступил в редакцию журнала 02.04.2025

Adaptation of folklore stories and characters in comics

S. Iteguлова

Kazakh National Agrarian Research University, Almaty, 050010, Republic of Kazakhstan;

This article explores the role of comics in the teaching of folklore and emphasizes the importance of creating comics based on the plots of literary and folkloric narratives. The primary aim of the study is to use folklore plots and characters as a foundation for comics to spark children's interest in oral literature. By popularizing visualized folklore figures among younger audiences, comics can effectively enhance motivation to engage with original literary works.

The article demonstrates that familiarization with adapted comic formats serves not only as an introduction to the world of literature but also as a stimulus for creativity. In addition to

analyzing the cognitive and educational potential of comics, the study proposes their use as pedagogical and psychological tools to support the development of children's reading skills.

Drawing on methods such as systematization, comparison, and theoretical analysis, the authors argue for the effectiveness of comics as a means of promoting children's personal growth. Empirical data from the study is presented, including survey results that assess the popularity of Kazakh-language comics and outline strategies for their effective use in educational settings.

The research findings also include an examination of the structural and semantic features of comics, emphasizing their positive influence on readers. Special attention is given to comics based on heroic epics, which contribute to vocabulary expansion and language development. The study concludes that comics represent a valuable genre capable of enhancing memory, stimulating imagination, and facilitating the acquisition of new knowledge in an engaging and accessible manner.

Key words: character visualization, comics, folklore, main hero, reading skills, aesthetic taste.

REFERENCES

- 1 Kazakh tilinin kirme sozder sozdigi [Dictionary of Borrowed Words in the Kazakh Language / Compiled by: Sh. Kurmanbaiuly, S. Isakova, B. Mizamkhan, et al.] – (Almaty, 2019).
- 2 Suprun L.I., Suprun E.G., Ustyugova L.A. Razvitie levogo polushariya mozga cherez reshenie konstruktivnix zadach [Developing the Left Hemisphere of the Brain by Solving Constructive Tasks] // Sovremennie naukaionkie texnologiy [Modern High-Tech Technologies.] – 2018. – No.6. – P. 244-249. ISSN: 1812-7320.
- 3 Chernova N.V., Makarova N.N. Naglyadnie metodi obucheniya i proektnie metodiki na urokax istoriy [Visual Teaching Methods and Project-Based Methodologies in History Lessons] // Perspektivi nauki i obrazovaniya [Perspectives of Science and Education.] – 2018. – No. 6 (36). – P. 105-113. doi: 10.32744/pse.2018.6.11.
- 4 McLuhan M. Understanding Media: The Extensions of Man (Transl. from English by V. Nikolaev; Final article by M. Vavilova) – (Moscow, 2003).
- 5 Toffler A. The Third Wave / Scientific Editor P.S. Gurevich. – (Moscow, 2004).
- 6 Sorokin A.A., Kraus V.I. Klipovoe mishlenie [Clip Thinking] // Teoriya i praktika sovremennoi nauki [Theory and Practice of Modern Science]. – 2018. – No. 11(41). – P. 303-306.
- 7 Shumel T. Komiks kak sredstvo mediaobrazovaniya [Comics as a Means of Media Education] // Mediaobrazovaniya na urokax istoriy i obshestvoznaniya: posobie dlya uchitelei [Media Education in History and Social Studies Lessons: A Teacher's Guide] / Ed. by N.V. Kushner. – (Minsk, 2020).
- 8 Semenova L.E. Obrazovatelnie vozmozhnosti komiksov i karikatur: analiticheski obzor [Educational Potential of Comics and Caricatures: An Analytical Review] // Nijegorodskoe obrazovanie [Nizhny Novgorod Education.] – 2021. – No.3. – P. 78-87. ISSN: 2073-1086
- 9 Simbirtseva N.A., Koryakina E.V. Xudojestvennoe svoeobrazie komiksa: obrazovatelniy potential [The Artistic Features of Comics: Educational Potential] // Pedagogicheskoe obrazovanie v Rossii [Pedagogical Education in Russia.] – 2021. – No.6. – P. 35-41. ISSN: 2079-8717
- 10 Yang, G. History of Comics in Education / G. Yang. – URL: <https://www.humblecomics.com/comicsedu>.
- 11 Sharon Kinsella. Adult Manga: Culture and Power in Contemporary Japanese Society. University of Hawai'i Press, 2000. – P. 228.
- 12 Yerbolkyzy A. Qazirgi qazaq komyksi [Modern Kazakh Comics] // Alash respublikalalyq qogamdyq-sayasi gazeti [Alash National Socio-Political Newspaper.] September 2, 2024. // <https://zhasalash.kz/news/syuzhet-alsz-suret-arsz-kazak-komiks-8c7cf2..>
- 13 Esengulova M., Ertleuova B., Amanzhol M. Mektepke deyingi jastagi erekshe bilim beru qajettiligi bar balalarga qashiqtan oqitu texnologiasin qoldanu [The Use of Distance Learning Technologies for Preschool Children with Special Educational Needs] // Al-Farabi atindagi QazUU

habarshisi [Bulletin of Al-Farabi KazNU, Series "Pedagogical Sciences",] – No. 2 (79), – Almaty: 2024. – P. 115-131.

14 Ayauzhan Taussogarova, Diana Tuzelbayeva, Saule Bektemirova, Vera Yermakova, Zhaina Satkenova, Abdibek Amirov. Kazakh Gluttonous Discourse Analysis of "Bas Tartu" & "Tabak Tartu": Conceptual Image and Institutional Function // Eurasian Journal of Applied Linguistics, 10(1) (2024) P. 127-138 // <http://dx.doi.org/10.32601/ejal.10112>.

15 Qazaqtin miftik keyipkerleri [Kazakh Mythical Characters.] / Compiled by S.Itegulova. (Astana, 2016).

Received: 02.04.2025

МҒТАР 16.21.47

DOI: [10.59102/kufil/2025/iss2pp282-293](https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss2pp282-293)

Қ.К. Кенжалин¹, Д.Ә. Балтабай¹

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010000, Қазақстан Республикасы

«ШЕЖІРЕ-И ТЕРАКИМЕ» ЕҢБЕГІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН КЕЙБІР АРХАИЗМДЕРДІҢ СЕМАНТИКАСЫ

Тарихи шығармалардың, жыр-дастандардың лексикалық қабатын лингвистикалық аспектіде зерделеу тілдің қалыптасу тарихын, дамуын айқындауда маңызды рөл атқарады. Мақалада «Шежіре-и теракиме» тарихи шығармасында кездесетін төре, жақ/жай/йай, байтақ сөздерінің қолданылу сипаты, семантикалық ерекшеліктері қарастырылады. Аталған сөздердің шығу тегіне, қолданылу аясына, қазақ тілінен өзге түркі тілдеріндегі лексика-семантикалық ерекшеліктеріне, фонетикалық, морфологиялық тұлғаларына қатысты тілдік материалдар беріледі. Әбілғазы Баһадүрдің ханның «Шежіре-и теракиме» еңбегі – түркі халықтарының тарихына, мәдениетіне, этнографиясына, жер-су атауларына қатысты мол деректерді қамтитын орта ғасырлық еңбек. XVII ғасырда шағатай жазба тілінде жазылған бұл еңбек – Оғызнама дастанының араб әліпбиімен жазылған нұсқасы. Аталмыш шежіре түркі халықтарының тарихы мен мәдениеті үшін мәні мен мазмұны жоғары құнды дерек болып саналады. Қолжазба еңбектің лексикалық қабатынан қазіргі қазақ тілінде қолданылатын тіл бірліктерін жиі кездесетірімізге болады. Сондықтан да «Шежіре-и теракиме» еңбегін лингвистикалық аспектіде зерттеу мақаламыздың маңыздылығын көрсетеді. Зерттеу мақаланың негізгі мақсаты – «Шежіре-и теракиме» мәтінінде кездесетін төре, жақ/жай/йай, байтақ сөздерін лексика-семантикалық тұрғыдан саралап, этимологиясын айқындау. Зерттеу барысында семантикалық талдау әдісі, сипаттамалы әдіс, тарихи-салыстырмалы әдіс-тәсілдер қолданылды.

Кілт сөздер: шағатай жазба тілі, лексикалық қабат, қолжазба, фонетикалық ерекшеліктер, семантика, этимология.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Тіл білімінде тарихи жырлардың, тарихи шығармалардың лексикалық қабатын лингвистикалық аспектіде зерделеу, ондағы тіл бірліктеріне семантикалық, фонетикалық, морфологиялық талдаулар жүргізу тілдің қалыптасу тарихын, дамуын айқындауда маңызды рөл атқарады. Мақалада «Шежіре-и теракиме» мәтінінде кездесетін *төре, жақ/жай/йай, байтақ* сөздерінің қолданылу сипаты, семантикалық ерекшеліктері сараланды. Аталған